

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 1290 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
қаржы нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік
органдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; 2004 жылғы 30 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 30 қазанда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 22 қазандағы Заңы):

50-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орны жабылмаған шығындарын өтеу;"

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N

11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 10, 123-құжат; 2003 ж., N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 16, 91-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "(мүдденің)" деген сөз алынып тасталсын;

2) 3-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынуы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін б е к і т у і ; " ;

3) 8 - б а п т а :

а) т а р м а қ ш а с ы н ы ң :

бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасында айналыстағы ақша көлемінің мөлшерін реттеу жолымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлігіндегі "жауап береді" деген сөздер "міндеттемелер атқарады" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

д-1) тармақшасындағы "ломбардтық операциялар;", "және салып жіберу" және " Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия беру мүмкіндігі туралы қорытынды береді" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы д-2) тармақшасымен толықтырылсын:

"д-2) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) банк операцияларының жекелеген түрлері бойынша уәкілетті органның лицензия беру мүмкіндігі туралы қорытынды береді, сондай-ақ осындай қорытынды берудің тәртібін айқындайды;"

и-1) және и-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"и-1) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға валюталық операциялар жүргізуге, бөлшек сауданы жүзеге асыру мен қолма-қол шетел валютасына қызмет көрсетуге, сондай-ақ шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар б е р е д і ;

и-2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға: банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды; банкаралық клирингті; сейф операцияларын; төлем карточкаларын шығаруды жүзеге асыруға л и ц е н з и я л а р б е р е д і ; " ;

мынадай мазмұндағы и-3), и-4) және л-4) тармақшаларымен толықтырылсын:

"и-3) Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде инкассация жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін және қалыптастыру тәртібін белгілейді;

и-4) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге рұқсат береді;";

"л-4) уәкілетті органдармен келісім бойынша банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үйлерін күзетуді ұйымдастыру жөніндегі орындауға міндетті талаптарды белгілейді;";

р) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"р) есептік төлем теңгерімін, халықаралық инвестициялық ұстанымды және елдің жалпы сыртқы борышының бағасын қалыптастырады, төлем теңгерімінің қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдық бағаларын әзірлеуге қатысады, валюталық операцияларды тіркеуді және мемлекеттік кепілдіктері жоқ мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша шарттардың мониторингін жүзеге асырады;

;"

т) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"т) мемлекеттік органдар мен қаржылық ұйымдар үшін кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысады;";

у-4) тармақшасы "активтерді" деген сөзден кейін ", сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың активтерін" деген сөздермен толықтырылсын;

у-6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"у-6) ең аз резервтік талаптардың нормативтерін белгілейді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;";

мынадай мазмұндағы у-8), у-9), у-10) және у-11) тармақшаларымен толықтырылсын;

"у-8) тиісті лицензиялар алмай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде айқындалған банк қызметін, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқару жөніндегі кәсіби қызметті, шоттарды жүргізу құқығымен нақтылы ұстаушы ретінде кастодиандық, дилерлік және брокерлік қызметті жүзеге асырады;

у-9) Қазақстан Ұлттық Банкі лицензиялайтын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу тәртібі бұзылған жағдайда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының банктік және валюталық заңнамасында белгіленген тәртіппен ықпал ету шараларын қолданады және санкциялар салады;

у-10) банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар банк қызметі, ақша төлемдері мен аударымдарын есепке алу, валюталық

операцияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді бұзған жағдайда, оларға өз құзыреті шегінде банктік және валюталық заңнамада белгіленген тәртіппен ықпал ету шараларын қолданады және санкциялар салады;

у-11) заңды және жеке тұлғаларға инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату бағасын белгілейді;";

4) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "өзі алған" деген сөздер "бөлінбеген" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 10-баптың бірінші бөлігінде:

"жарғылық капиталы мөлшерінде құрылып" деген сөздер "кемінде жарғылық капиталы мөлшерінде қалыптасып" деген сөздермен ауыстырылсын;

"таза табысы" деген сөздердің алдында "бөлінбеген" деген сөзбен толықтырылсын;

6) 11-баптағы:

бірінші бөлігінде "таза" деген сөз "бөлінбеген таза" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк активтері бойынша құрылған жалпы провизиялардың (резервтердің) сомасына және алтынвалюта активтерін қайта бағалаудан жұмсалған кіріс сомасына азайтылған Қазақстан Ұлттық Банкінің бөлінбеген таза кірісі Қазақстан Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген мөлшерде жарғылық және/немесе резервтік капиталдарды ұлғайтуға жіберіледі.";

үшінші бөлігінде:

"алынған" деген сөз "бөлінбеген" деген сөзбен ауыстырылсын;

"келесі қаржы жылында" деген сөздер "бір қаржы жылына мерзімін ұзарта отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер резервтік капиталдың мөлшері жарғылық капитал сомасынан аз болған жағдайда, барлық бөлінбеген таза кіріс Қазақстан Ұлттық Банкінің басқаруында қалады және резервтік капиталдың мөлшері жарғылық капиталдың мөлшеріне жеткенге дейін толықтыруға жіберіледі. Қаржы жылының шығындарын өтеу үшін резервтік капиталдың қаражаты жеткіліксіз болғанда өтелмеген шығындар Қазақстан Ұлттық Банкіне толық көлемде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен бір қаржы жылына мерзімін ұзарта отырып өтеледі.";

7) 15-баптағы:

бірінші бөлік:

мынадай мазмұндағы б-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"б-1) банктерде операциялар жасауға сенімхат беру тәртібін белгілеу;"

в) тармақшасы ", Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын шығару, олардың дизайны (нысаны) өзгерген кезде банкноттар мен монеталарды ауыстыру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ тозған және бүлінген

банкноттар мен монеталарды айырбастау тәртібін белгілеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы в-1), в-2) және в-3) тармақшаларымен толықтырылсын:

"в-1) коллекциялық және инвестициялық монеталардың шығарылу тақырыбын, дайындалу таралымын, қоспасын, шығарылу мерзімдері мен күнін айқындау;

в-2) басқа елдердің тапсырыстары бойынша қымбат және жай металдардан коллекциялық монеталар соғу туралы шешім қабылдау;

в-3) Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен монеталарды сату және сатып алу тәртібін айқындау;" ;

г) тармақшасындағы "Қазақстан Ұлттық Банкінің банктермен жасалатын операциялар бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

е) тармақшасы:

"беру" деген сөзден кейін ", қолданылуын тоқтата тұру және қайтарып алу" деген сөздермен толықтырылсын;

"бірден-бір" деген сөздер "айрықша" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қолма-қол" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы е-4) тармақшасымен толықтырылсын:

"е-4) Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазының қорғалу дәрежелеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ вексель қағазына қойылатын техникалық талаптарды бекіту;" ;

ж) тармақшасындағы "банктерге" деген сөзден кейін "ең аз" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы ж-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"ж-1) Қазақстан Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде инкассация жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының ең аз мөлшерін және қалыптастыру тәртібін белгілеу;" ;

мынадай мазмұндағы з-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"з-1) монетарлыққа жататын қызметті айқындау;" ;

и) тармақшасы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы и-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"и-1) тауарлар, жұмыстар және қызметтер көрсету экспортынан түскен шетел валютасындағы түсімді міндетті түрде сату режимін енгізу және жою туралы шешімдер қабылдау;" ;

к-1) тармақшасы "ережені" деген сөзден кейін ", сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы к-2) тармақшасымен толықтырылсын:

"к-2) уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша уәкілетті органды

қаржыландырудың жалпы сомасын бекіту";

м) тармақшасында "сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкі департаментінің директорларын, филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының басшыларын бекіту" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы м-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"м-1) Қазақстан Ұлттық Банкі департаментінің директорларын, филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындауға (қызметтен босатуға) келісім беру";

о) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"о) Қазақстан Ұлттық Банкінің, оның филиалдарының, өкілдіктерінің және ұйымдары қызметкерлерінің еңбек жағдайларын, оған ақы төлеуді, әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамсыздандыруды, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды айқындау және бекіту";

ф) тармақшасы алынып тасталсын;

ц) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ц) осы Заңның 11-бабына сәйкес жарғылық және/немесе резервтік капиталдарды қалыптастыруға жіберілетін бөлінбеген таза кірістің мөлшерін белгілеу";

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

8) 16-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органның лауазымды адамы Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының мәжілістеріне кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы.";

9) 29 - баптың :

бірінші бөлігіндегі "инфляцияның төменгі деңгейін және ұлттық валютаның тұрақтылығын" деген сөздер "бағалардың тұрлаулылығын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлігінің төртінші абзацындағы "міндетті резервтердің нормативтерін (резервтік талаптарды)" деген сөздер "резервтік талаптарды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"32-бап. Резервтік талаптар

Банктердің депозиттері мен заемдары бойынша сыйақы көлемін және ставкаларын реттеу мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі ең аз резервтік талаптардың нормативтерін пайдаланады .

Ең аз резервтік талаптардың нормативтерін Қазақстан Ұлттық Банкі банктер міндеттемелерінің сомасынан пайыз ретінде есептейді.

Есеп айырысуға қабылданатын банктер міндеттемелерінің құрылымын, ең аз резервтік талаптарды орындау шарттарын және оларды резервтеу тәртібін, сондай-ақ ең аз резервтік талаптардың нормативтерін Қазақстан Ұлттық Банкі белгілейді.

Ең аз резервтік талаптардың нормативтерін өзгерту осындай шешім қабылданған

күннен бастап бір айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

Ең аз резервтік талаптардың нормативтері бұзылғанда банктер заң актілерінде белгіленген жауапкершілік атқарады.

Тарату комиссиясының төрағасы тағайындалған күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Ұлттық Банкі банктің тарату комиссиясына өзінде резервтелген қаражатты қ а й т а р а д ы . " ;

11) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Банкноттар мен монеталарды шығару

Банкноттар мен монеталарды шығаруды, олардың Қазақстан Республикасының аумағында айналысын ұйымдастыруды және айналыстан шығаруды Қазақстан Ұлттық Банкі ғ а н а жүзеге асырады .

Банкноттар мен монеталарды айналысқа шығаруды Қазақстан Ұлттық Банкі оларды заңды және жеке тұлғаларға сату арқылы жүзеге асырады.";

12) 42-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Монеталар мынадай түрлерге бөлінеді:

инвестициялық монеталар - қымбат металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын және белгіленген құнынан ерекшеленетін құны бойынша с а т ы л а т ы н монеталар ;

коллекциялық монеталар - монеталарға тән арнайы қасиет беретін күрделі соғу технологияларын және/немесе көркем безендіру әдістерін пайдалана отырып қымбат металдан және сол сияқты жай металдар қоспасынан, шектеулі таралыммен дайындалған, коллекциялау және жинақтау үшін қызығушылық туғызатын, белгіленген құнынан ерекшеленетін құны бойынша сатылатын мерейтойлық, ескерткіш және өзге де а р н а й ы с о ғ ы л ғ а н монеталар ;

айналыстағы монеталар - жай металдар қорытпасынан жасалған және белгіленген құны бойынша есеп айырысу мен ақша ұсақтау операциялары кезінде қолма-қол ақша айналысына а р н а л ғ а н монеталар . " ;

13) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

"43-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен монеталарды сатуы және с а т ы п а л у ы

Қазақстан Ұлттық Банкінің банкноттар мен айналыстағы монеталарды сатуы және сатып алуы олардың белгіленген құны бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуы Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қазақстан Ұлттық Банкінің қымбат металдардан жасалған инвестициялық, коллекциялық монеталарды сатып алуы бастапқы салмағын сақтау шартымен олардың құрамындағы қымбат металдардың құны бойынша, бірақ белгіленген құнынан төмен емес құн бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан Ұлттық Банкінің жай металдардың

қоспасынан дайындалған, арнайы және сол сияқты арнайы емес соғылған коллекциялық монеталарды сатып алуы олардың белгіленген құны бойынша жүзеге асырылады." ;

14) 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша төлемдері мен аударымдарын және төлем жүйелерін ұйымдастырудағы және реттеудегі өкілеттіктері

Қазақстан Ұлттық Банкі ақша төлемдері мен аударымдарын ұйымдастырады, үйлестіреді, реттейді және:

1) ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүзеге асыру ережесін және қолдану тәсілдерінің ерекшеліктерін, төлем нұсқауларына қойылатын негізгі талаптарды ;

2) қолма-қол ақшаны пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын белгілейді .

Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының аумағында төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің тиімділігін және сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық Банкі:

төлем жүйелерін ұйымдастыру және жұмыс істеу шарттары мен тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға;

төлем жүйелерінің жұмыс істеуінің мониторингін жүзеге асыруға және оны жүргізу тәртібін белгілеуге ;

төлем жүйелерінің ұйымдастырылуын және жұмыс істеуін тексеруге;

төлем жүйелерінің қатысушыларынан және операторларынан ақпарат алуға;

Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес төлем жүйелері қатысушыларының қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша төлемдері мен аударымдарын және төлем жүйелерін ұйымдастыру тәртібін реттейтін, сондай-ақ ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүзеге асыру ережесін және тәсілдерін қолдану ерекшеліктерін, төлем нұсқауларының мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілері бұзылған жағдайда өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіппен банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға ықпал ету шараларын және санкциялар қолдануға құқылы. Қазақстан Ұлттық Банкі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға санкциялар қолданған кезде бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзінің құзыреті шегінде халықаралық (мемлекетаралық) төлемдер жүйесін ұйымдастыруға қатысуға құқылы." ;

15) 48-1-бап алынып тасталсын;

16) 56-бапта:

б) тармақшасындағы "шетел валютасымен және шетел валютасындағы бағалы қағаздармен" деген сөздер "валюталық құндылықтармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

в), г) және ж) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"в) валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету және жіберу тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы резиденттерінің шетел банктерінде шоттар ашу тәртібін айқындайды;

г) валюта заңнамасында көзделген валюталық операцияларды лицензиялау және тіркеу тәртібін белгілейді, лицензиялар мен тіркеу куәліктерін береді;"

"ж) мемлекеттік органдармен келісім бойынша олардың құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасында барлық заңды және жеке тұлғалар орындауға міндетті валюталық операциялар бойынша есепке алу және есеп беру тәртібі мен нысандарын белгілейді;"

з), м) және н) тармақшалары алынып тасталсын;

17) 58-баптың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімімен" деген сөздер "Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының алтынвалюта активтерін басқару қағидаттарын және стратегиясын айқындайтын шешімдерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 59, 60 және 61-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"59-бап. Алтынвалюта активтерінің өтімділігі және сақталуы Қазақстан Ұлттық Банкі алтынвалюта активтерінің өтімділігін және сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың сыртқы нарықтардағы сатып алу күшінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Ұлттық Банкі алтынвалюта активтерін ұлттық валютаның тұрақтылығын және айырбасталуын қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасының міндеттемелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті деңгейде қолдауға тиіс

60-бап. Алтынвалюта активтерін қайта бағалау шоты

Қазақстан Ұлттық Банкінің активтерін немесе міндеттемелерін бағалау өзгерістерінің салдары болып табылатын алтынвалюта активтері бойынша бағамдық айырмалар олар пайда болған есептік кезеңнің жүзеге асырылмаған кірістері немесе шығыстары шоттарына жатқызылады. Қаржы жылында Қазақстан Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес есептелген жүзеге асырылған кіріс/шығыс сомасы есептік кезеңнің кірістері мен шығыстарының тиісті шоттарына бағытталады. Қаржы жылының аяқталу нәтижелері бойынша жүзеге асырылмаған кірістер және шығыстар тиісті қайта бағалау шоттарына жатқызылады. Қайта бағалау шоттарында

алтынвалюта активтерінің түрлері бойынша қалдық болмаған жағдайда, пайда болатын теріс бағамдық айырма есептік кезеңнің шығыстарына жатқызылады.

Алтынвалюта активтерін қайта бағалаудан жүзеге асырылған кірістер толық көлемде резервтік капиталды ұлғайтуға бағытталады.

61-бап. Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеу мен қадағалауды жүзеге асыру қағидаттары

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржылық ұйымдардың қызметін реттеу мен қадағалауға қатысады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ықпал ету шараларын қолданады және санкциялар салады. Қазақстан Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға санкциялар қолданған кезде бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеуші функциялары Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған.

Қазақстан Ұлттық Банкі қаржылық ұйымдардың жедел қызметіне араласпайды.

Қазақстан Ұлттық Банкі өзінің функцияларын орындау үшін мемлекеттік органдардан, қаржылық және өзге де ұйымдардан, сондай-ақ олардың қауымдастықтарынан қажетті ақпаратты және/немесе статистикалық есепті сұратуға ж ә н е а л у ғ а қ ұ қ ы л ы . " ;

19) 62-баптың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Ұлттық Банкі" деген сөздерден кейін " уәкілетті органмен," деген сөздермен толықтырылсын;

2 0) 6 8 - б а п т ы ң :

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының шешімі негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің қызметін тексеруді, оның ішінде қаржылық есептің аудитін құрылтайшыларының құрамына мемлекеттің орталық банкіне аудит жүргізу тәжірибесі бар аудиторлық ұйым - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мүшесі кіретін аудиторлық ұйым жыл сайын жүзеге асырады.";

үшінші бөлігіндегі "бөлімшелерінің" деген сөз "ұйымдарының" деген сөзбен ауыстырылсын.

3. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N

19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат, N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98 - құжат) :

1) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік органның, сондай-ақ Қазақстан Даму Банкінің заң актілерінде белгіленген өкілеттіктері шегінде жүргізетін қызметін (операцияларын) қоспағанда, лицензия болғанда ғана қызметті жүзеге асыруға немесе лицензиялауды талап ететін белгілі бір іс-қимылдарды (операцияларды) жасауға жол беріледі.";

2) 15 - бапта :

он екінші бөліктегі "он күннің" деген сөздер "он жұмыс күнінің" деген сөздермен ауыстырылсын ;

он үшінші бөлігінде "қажетті құжаттарды" деген сөздерден кейін ", қажет болған жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Лицензияланатын қызмет түрінің атауы өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс лицензияланатын қызмет түрінің шеңберінде орындалатын операциялардың мәнін өзгертуге әкеп соқпаса, лицензиат лицензияны қайта ресімдеуге өтініш ұсынады. Қажет болған жағдайда лицензиар лицензияны қайта ресімдеген кезде лицензиаттан лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырумен байланысты қосымша құжаттарды талап етуге құқылы."

4. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 18, 157-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат):

6-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсаты қосымша талап етіледі."

5. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат ; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-

құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "(мүдденің)" деген сөз алынып тасталсын;

2) 6-баптың 2-тармағы "операциялары" деген сөзден кейін ", мемлекеттік органның, сондай-ақ Қазақстан Даму Банкінің заң актілерінде бекітілген өкілеттіктері шегінде жүргізетін қызметін (операцияларын) қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 3 0 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) кассалық операциялар: банкноттар мен монеталарды ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, қаттап буу, сақтау және одан кейін беру мақсатында оларды қабылдау б о й ы н ш а қ ы з м е т к ө р с е т у ; " ;

о) тармақшасында "және басқа жаққа салып жіберу" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-3. Осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға осы баптың 2-тармағында көзделген операцияларды жүргізуге лицензияларды уәкілетті орган береді.

Банктерге және кредиттік серіктестіктерге осы баптың к), л), н), о), п) тармақшаларында көзделген операцияларды, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға осы баптың 2-тармағының п) тармақшасында көзделген операцияны жүргізуге лицензия берген кезде Ұлттық Банктің оң қ о р ы т ы н д ы с ы т а л а п е т і л е д і .

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, кредиттік серіктестіктерді қоспағанда, осы баптың к), л), н), о) тармақшаларында көзделген операцияларды жүргізуге және қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға осы баптың 2-тармағының п) тармақшасында көзделген операцияны жүргізуге лицензияларды Ұ л т т ы қ Б а н к б е р е д і . " ;

4) 41-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы "резервтік талаптар нормаларын " деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

5) 42-баптың 3-тармағындағы "резервтік талаптардың нормаларын" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

б) 46-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Ұлттық Банк реттелуі өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу анықталған жағдайда, банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы баптың 1-

тармағының а), в), г) тармақшаларында көрсетілген ықпал ету шараларын қолдануға қ ұ қ ы л ы . " ;

7) 47-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Ұлттық Банк бұрын қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға санкциялар қолдануға құқылы. Ұлттық Банк санкция ретінде банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы баптың 2-тармағының а) тармақшасында көрсетілген шараларды, сондай-ақ лицензиясын Ұлттық Банк беретін банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көрсетілген шараларды қолдануға құқылы.";

8) 48-баптың 1-тармағының г) тармақшасындағы "уәкілетті орган белгілеген" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

9) 50-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі "хабарлауы" деген сөзден кейін " валюталық заңнамаға сәйкес экспорт-импорт валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін клиенттердің экспорт және (немесе) импорт операциялары жөніндегі мәліметтерді кеден органдарына беруі," деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 87-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 15 , 138 - қ ұ ж а т) :

1) 83-1-баптың төртінші бөлігі алынып тасталсын;

2) 86-баптың үшінші бөлігінде "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми есеп жүргізу ставкасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми қайта қаржыландыру ставкасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат):

49 - б а п т а :

тақырыбындағы "есепке алу" деген сөздерден кейін "және есеп беру" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 - т а р м а қ т а :

"қаржылық" деген сөзден кейін "және статистикалық" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"активтері бойынша" деген сөздерден кейін "уәкілетті органға және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 10, 49, 51-құжаттар; N 15, 138-құжат):

1) 3 - б а п т а :

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төлем карточкаларының ұлттық жүйесі - Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ұлттық төлем карточкасын пайдалана отырып, төлемдерге қызмет көрсету жүйесі";

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"ұлттық төлем карточкасы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және/немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, белгіленген талаптарға және стандарттарға сәйкес шығарылған, оның ұстаушысына Қазақстан Республикасының аумағында операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, төлем карточкалары ұлттық жүйесінің логотипі бар төлем карточкасы";

2) 6 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк шоттары банк пен клиенттің арасында банк шотының шарты және банктік салым шарты жасалған кезде ашылады. Банк шотының шарты ағымдағы шоттың шарты және карт-шот шарты болып бөлінеді.";

2 - 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлігінде "банк шотының" деген сөздер "ағымдағы шоттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) карт-шоттың шартында көзделген өзге де банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға.";

3) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Төлем карточкаларының ұлттық жүйесі

Төлем карточкаларының ұлттық жүйесінің жұмыс істеуіне қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ұлттық төлем карточкасы Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады және төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған құрал-жабдығы бар сауда (қызмет көрсету) ұйымдары шектеусіз қабылдайды. Төлем карточкаларын шығаруға лицензиясы болған жағдайда банктер ұлттық төлем карточкасын шығаруға және қызмет көрсетуге қабылдауға міндетті.

Төлем карточкаларының ұлттық жүйесінің логотипін, сондай-ақ ұлттық төлем карточкасының функционалдық сипаттамасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітеді.

Төлем карточкаларының ұлттық жүйесінің операторы құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктер болатын ұйым болып табылады. Төлем карточкаларының ұлттық жүйесі операторының функциялары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

4) 20-баптың 4-тармағында "күннен кейінгі операциялық күннен" деген сөздер " күннен бастап екі операциялық күннен" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66 - құжат) :

1) 21-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "Үкіметі" деген сөзден кейін "немесе Ұлттық Банкі" деген сөздермен толықтырылсын;
2) 74 - бапта :

тақырыбындағы "Қаржылық" деген сөзден кейін "және өзге де" деген сөздермен толықтырылсын ;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ол белгілеген нысанда оның сұратуы бойынша, оның құзыреті шегінде статистикалық есептілікті және өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті."

10. "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 17-құжат; N 15, 139-құжат) :

4-баптың 3-тармағының 9) тармақшасында "және жіберу" деген сөздер алынып тасталсын.

11. "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32 - құжат) :

1) 26-баптың 4-тармағы алынып тасталсын;

2) 27-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ол белгілеген нысанда оның сұратуы бойынша, оның құзыреті шегінде статистикалық есептілікті және өзге де ақпаратты ұсынуға міндетті."

12. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11, 63-құжат):

1) 4-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қордың есептілігінің (қаржылық есептілікті қоспағанда) көлемін, табыс ету тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;"

2) 5 - бапта :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк уәкілетті органмен келісім бойынша Қордың қаржылық есептілігінің көлемін, табыс ету тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.";

3-тармақта "уәкілетті органның үш өкілі" деген сөздер "уәкілетті органның екі өкілі, құрылтайшының бір өкілі" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 132-құжат; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат;

N 16, 91-құжат):
7 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Уәкілетті органның еңбекақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген уәкілетті орган Басқармасының ұсынысы бойынша бекітеді.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган өзі туралы Ережеде айқындалатын тәртіппен шығыстарды өтеуге байланысты өзге де қаржылық түсімдерге ие болуға құқылы, олар қаржы жылының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетіне аударылады

" ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Уәкілетті органның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттарын оның Басқармасы айқындайды."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті